

## Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 тамыздағы № 1210 қаулысы. Қүші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 тамыздағы № 526 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.08.2017 № 526 қаулысымен.**

Білім беру, ғылым, мәдениет және коммуникациялар салаларындағы халықаралық ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру мақсатында және мемлекеттік басқару органдарын қайта ұйымдастыруға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

- 1) Комиссия туралы ереже;
- 2) Комиссияның құрамы бекітілсін.

3. Комиссияға білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ислам Ұйымымен (ИСЕСКО) ынтымақтастықты үйлестіру жүктелсін.

4. Мыналардың:

"ЮНЕСКО істері жөніндегі Қазақстан Республикасының ұлттық комиссиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 24 желтоқсандағы № 1077 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1992 ж, № 49, 720-құжат);

"ЮНЕСКО істері жөніндегі Қазақстан Республикасы ұлттық комиссиясының құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 30 наурыздағы № 266 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан  
Премьер-Министрі

Республикасының

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 7 тамыздағы  
№ 1210 қаулысымен  
бекітілген

# **Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы**

## **ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) білім беру, ғылым, мәдениет және коммуникациялар салаларында жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың, мекемелердің және қоғамдық үйымдардың ЮНЕСКО-ның халықаралық және аймақтық бағдарламаларына қатысуын жүзеге асыратын, сондай-ақ ЮНЕСКО хатшылығымен және ЮНЕСКО органдарымен байланыс жасайтын Қазақстан Республикасының Укіметі жанындағы ведомствоаралық консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Укіметінің кесімдерін, ЮНЕСКО-ның жарғысын және ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиялардың жарғысын, осы Ережені, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарды және Қазақстан Республикасының езге де нормативтік құқықтық кесімдерін басшылықта алады.

3. Комиссия Қазақстан Республикасының Укіметіне есеп береді; Комиссия қызметіне жалпы бақылау жасауды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады. Комиссия өзінің құзыреті шегінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың мамандарын тартуға құқылы. Комиссия Қазақстан Республикасы Укіметінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша ұсыныстарды әзірлейді. <\*>

**Ескерту. 3-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Укіметінің 2004.03.03. N 266 қаулысымен .**

### **2. Комиссияның негізгі функциялары**

4. Комиссияның басты мақсаты ЮНЕСКО-ның құзыретіндегі салаларда халықаралық гуманитарлық ынтымақтастық, сондай-ақ халықтардың өзара түсінісіне, білім беру бағдарламаларын жетілдіруге, мәдениеттің сан алуандығын дамытуға және таратуға, мәдени мұраларды, дәстүрлі машиқтар мен білімдерді сактауға және көбейтуге, ақпараттың еркіндігіне жәрдемдесуге бағытталған ЮНЕСКО-ның қызметіне қатысу арқылы адамдардың рухани келісімі мен топтасуына жәрдем көрсету болып табылады.

Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) ЮНЕСКО-ның құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, қоғамдық үйымдармен, мекемелермен және жекелеген азаматтармен ынтымақтастық жасайды;

2) талап етілетін интеллектуальдық, ғылыми, әкімшілік және шығармашылық қолдау көрсетуді қамтамасыз ете отырып, ЮНЕСКО бағдарламаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға мемлекеттік органдардың, мекемелердің және қоғамдық үйымдардың қатысуына жәрдем көрсетеді;

3) ЮНЕСКО-ның мақсаттары, бағдарламалары және қызметі туралы ақпарат таратады;

4) халықаралық үйымдардың ынтымақтастығымен немесе олардың қолдау көрсетуімен жүзеге асырылатын білім беру, ғылым, мәдениет және коммуникациялар саласындағы бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

5) уақытша немесе тұрақты негізде ЮНЕСКО-да жұмыс істей үшін ұміткерлерді іріктеуді жүзеге асырады;

6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік және қоғамдық үйымдарының, ЮНЕСКО-ның Хатшылығы мен оның органдарының арасындағы тұрақты байланысты қамтамасыз етеді, сондай-ақ ұлттық комиссиялар үшін көзделген ЮНЕСКО-ның тұрақты консультациялары мен кеңестеріне қатысады;

7) ЮНЕСКО жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілдігі арқылы басқа да ұлттық комиссиялардың өкілдіктерімен және ЮНЕСКО-ның үкіметаралық органдарымен, комитеттерімен және комиссияларымен ынтымақтастықты жүзеге асырады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің ЮНЕСКО-ның басшы органдарының қызметіне қатысуын қамтамасыз етеді;

8) ЮНЕСКО-ның бастамалары мен бағдарламаларының дамуын қадағалайды және ынтымақтастықтың басымдықты бағдарламаларына қатысуға тиісті мемлекеттік және қоғамдық үйымдарды тартады;

9) ұлттық деңгейде ЮНЕСКО-мен ынтымақтастықты үйлестіреді және ЮНЕСКО-ның Қазақстандағы бағдарламаларының барысын бағалауды жүзеге асырады, ЮНЕСКО Хатшылығының сұрау салуы бойынша есептерді, статистикалық сауалнамаларды және өзге де ақпаратты дайындауды қамтамасыз етеді;

10) түрлі қазақстандық мекемелер жүзеге асыратын ЮНЕСКО-ның бағдарламалары мен жобаларының іске асырылуына басшылық жасайды, сондай-ақ ЮНЕСКО-ның аймақтық және халықаралық бағдарламаларына Қазақстан Республикасының қатысуына жауапты болады;

11) ЮНЕСКО басшылық органдарының шешімдері, сондай-ақ маңызды халықаралық форумдар мен кеңестер туралы ақпарат таратады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Комиссия, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын Ислам конференциясы ұйымының мекемесі болып табылатын Білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ислам ұйымымен (ИСЕСКО) ынтымақтастықты жүзеге асырады.

### **3. Комиссия жұмысын ұйымдастыру**

6. Комиссияны Қазақстан Республикасының Үкіметі құрады және таратады.

7. Комиссияның жеке құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

ЮНЕСКО-ның жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі лауазымы бойынша Комиссия мүшесі болып табылады.

8. Комиссия жұмысы ағымдағы және перспективалық жоспарлардың негізінде жүзеге асырылады. Комиссия отырысы қажеттілігіне қарай, бірақ, кемінде жылына екі рет, оның мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан кезде өткізіледі.

9. Комиссия шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және дауыс беруге қатысқан Комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыс берілген жағдайда қабылданды деп есептеледі. Дауыстар саны тең болған жағдайда, Комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі. Комиссия шешімдері хаттамалық шешімдер түрінде ресімделеді және қажет болған жағдайда, бұқаралық ақпарат қуралдары арқылы жүртшылық назарына жеткізіледі.

10. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Комиссияның жұмыс органдары болып табылады.

11. Комиссияның Бас хатшысы Комиссияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады, Комиссия қабылдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді, ЮНЕСКО және ИСЕСКО-ның Хатшылықтарымен және олардың органдарымен хат-хабар алмасуды жүргізеді, ЮНЕСКО мен ИСЕСКО органдарында Комиссияның мүддесін білдіреді.

12. Комиссияның ағымдағы қызметін жүзеге асыру және мемлекеттік, сондай-ақ қоғамдық ұйымдармен күнделікті байланысты қамтамасыз ету мақсатында Комиссия Бас хатшыға бағынатын хатшылық құрады, оған қатысушы министрліктер мен ведомстволардың жауапты өкілдері кіреді. Хатшылық құрамы Комиссия отырысында бекітіледі.

13. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Комиссия хатшылығын үй-жаймен, байланыс қуралдарымен және ұйымдастыру

техникасымен қамтамасыз етеді, сондай-ақ хатшылықтың ағымдағы қызметін жүзеге асыруға байланысты шығыстарды төлейді.

14. Комиссияны жинақтау, оның жұмыс құрал-жабдықтарын жаңғырту немесе қатысу бағдарламасы шенберінде ұлттық өтінімдерді орындау мақсатында ЮНЕСКО мен ИСЕСКО бөлөтін қаржылық қаражатты мақсатты түрде пайдалануға билік етуді және бақылау жасауды Комиссия Төрағасы және Бас Хатшы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 7 тамыздағы  
N 1210 қаулысымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасы ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясының құрамы**

**Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.04.2014 № 343  
қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі, төраға

Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО жаңындағы тұрақты өкілі,

Қазақстан Республикасының Франциядағы елшісі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің кеңесшісі, бас хатшы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі

Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрі

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің төрағасы

Қазақстан Республикасының Мұнай және газ вице-министрі, ЮНЕСКО клубтарының Қазақстандық Федерациясының президенті

Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры (келісім бойынша)

Ш. Уәлиханов атындағы Этнология және тарих институтының директоры (келісім бойынша)

Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының директоры (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының бас директоры (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұражайының директоры (келісім бойынша)

Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік өнер мұражайының директоры (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті (келісім бойынша)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (келісім бойынша)

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (келісім бойынша)

Қазақ ұлттық өнер университетінің ректоры (келісім бойынша)

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры (келісім бойынша)

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ректоры (келісім бойынша)

Түркі академиясының президенті (келісім бойынша)

М. Әуезов атындағы Қордың президенті, Қазақстан Республикасы Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі ұлттық комитеттің құрметті тәрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының бас директоры, Қазақстан Республикасы Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі ұлттық комитеттің тәрағасы (келісім бойынша)

Халықаралық мұражайлар кеңесі (ИКОМ) комитетінің тәрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының тәрағасы (келісім бойынша)

Сүлейменов

Олжас - қоғам қайраткері (келісім бойынша)

Омарұлы

Есім  
Фарифолла - қоғам қайраткері (келісім бойынша)

Байпаков  
Карл  
Молдахметұлы - Қазақстан Республикасының Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының құрметті директоры, бас ғылыми қызметкері (келісім бойынша)

Северский  
Игорь  
Васильевич - Қазақстан Республикасы География институтының бас ғылыми қызметкері, - ЮНЕСКО-ның Халықаралық гидрологиялық бағдарламасы жөніндегі ұлттық комитеттің тәрағасы (келісім бойынша)

Ященко  
Роман  
Васильевич - Қазақстан Республикасы Зоология институтының бас ғылыми қызметкері, "Адам және биосфера" ұлттық комитетінің тәрағасы (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК